

Жанатаева К.Б.
**Осман империясының
ыдырауының себептері**

Мақалада алып Осман империясының құлауы қарастырылады. Осман империясының құлауы бірқатар себептермен түсіндіріледі. Дегенмен ең алдымен Вена түбінде османдықтардың ойсырыта жеңілуі де түрткі болды. Осман империясының құлдырауы 1683 жылы Венаны жаулап алу сәтсіздігінен бастау алды. Алып державаның даму қарқыны бәсеңдеді. Осман империясының экономикалық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық және әскери негізі біртіндеп құлдырай бастады. Державаның құлауының басты себебіне I дүниежүзілік соғыста жеңілуі түрткі болды.

Түйін сөздер: Осман империясы, сұлтан, Египет дағдарысы, реформалар, халық көтерілістері, Еуропа.

Zhanataeva K.B.
**The relationship of egypt with
arab countries of
1980-1990th year's**

This article discusses the reasons for the decline of the mighty Ottoman Empire. The Ottoman Empire collapsed due to a number of reasons. It all started with a big defeat Osman at the walls of Vienna. Decline of the Ottoman Empire began in 1683, when was made the second and the last unsuccessful attempt to conquer Vienna. The Ottoman Empire lost its momentum in its development, and slowly began to fade. Great Empire killed herself, step by step, consistently destroying all the foundations on which rested -economic, social, political, ideological and military. The main reason for the collapse of the Ottoman Empire, is defeated in the First World War.

Key words: Ottoman Empire, sultan, Egyptian crisis, reform, popular uprisings, Europe.

Жанатаева К.Б.
**Причины распада
Османской империи**

В данной статье рассматриваются причины упадка могучей Османской империи. Османская империя распалась из-за ряда причин. Началось всё с крупного поражения осман у стен Вены. Закат Османской империи начался в 1683 году, когда была сделана вторая и последняя безуспешная попытка покорить Вену. Османская империя потеряла импульс в своем развитии и начала медленно угасать. Великая империя убивала сама себя, шаг за шагом последовательно разрушая все основы, на которых держались экономические, социальные, политические, идеологические и военные дела. Главной причиной распада Османской империи является поражение в Первой мировой войне.

Ключевые слова: Османская империя, султан, Египетский кризис, реформы, народные восстания, Европа.

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЫДЫРАУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Осман империясы құлаудың аз-ақ алдында тұрды. Француз революциясының идеялары Балқан түбегі мен Эгей теңізіндегі грек аралдарына еніп, осы жердегі империяның қол астындағы халықтардың ұлт-азаттық көтерілістерінің жандана түсуіне серпіліс берген еді.

Сондай-ақ осы кезеңде империя аумағында дағдарыс кеңінен етек алып, феодалдық қырқыстар да үдей түсті. Қазына ортайып, жаулап алушылық соғыстарының сәтсіздігі, янычарлар көтерілісі, пашалар мен аяндардың өзбеттерінше билік жүргізе бастауы, империя құрамындағы халықтардың ұлт-азаттық көтерілісі, бірқатар обласлардың бөлінуі кеңінен белең алды. Билеуші топтар аталған дағдарысты жағдайдан шығу мақсатында бірқатар реформалар жүргізуді көздеді. Реформашыларды 1789 жылы таққа отырған Сәлім III сұлтан (1789-1807) қолдаған болатын. 1792-1796 жылдары сұлтанның бұйрығымен әскерді қайта құру туралы үкім шығарылып, әскери қызметтен бас тартушылардың иеліктері қайтарылып алынатын болды. Империя аумағында әскери инженерлік училищелер ашылып, шетелдік нұсқаушылардың көмегімен 23 кеме қатарына соғыс флоты құрылды. Сәлім III сұлтан жүргізген шаралар елде «низам-и-жедид» (жаңа жүйе) деген атқа ие болды.

Дегенмен сұлтанның әлеуметтік тірегі сенімсіз сипатта болды. Көптеген феодалдар мен мұсылман дін басылары реформаға қарсы болды, өйткені олар өздері пайдаланып жүрген жеңілдіктерінен айырылатынын білді. Реформаны ерекше дұшпандықпен қабылдаған янычарлар әскери салада жүргізіліп жатқан реформа янычарлар корпустарын жояды деп түсініп, сұлтанға қарсы феодалдық бүліктер бастады.

Әйтсе де 1798 жылы шілдеде Наполеон Бонопарт бастаған француз армиясы Осман империясының иелегіндегі – Мысырға келіп түсірілгенде Сәлім III сұлтан янычарларға бірқатар жеңілдіктер жасауға мәжбүр болады.

1806 жылы қысында орыс әскері Молдаван мен Валахияға басып кіріп, 1807 жылы көктемде түрік әскері орыстарға қарсы тұрады. Стамбұлда төңкеріс жүрді. Дәстүрге сәйкес әскерді ұлы уәзір бастап, көптеген министрлер соғысқа аттанған болатын.

Осы пайдаланған реформаның қарсыластары сұлтаннан құтылуға тырысады. Ұлы уәзірдің көмекшісінің басқаруымен сұлтанға қарсы құпия қастандық ұйымдастырылып, Селим III тақтан түсіріледі. Билікке келген жаңа сұлтан **IV Мұстафа** (1807-1808) янычарлар мен улемдерді қолдап, барлық реформаға тыйым салады. Бұған наразылық танытқан реформаны жақтаушылар Рушук округінің (Болгария) беделі билеушісі **Мұстафа паша Байрақтардың** төңірегінде топтаса бастады. 1807 жылы Ресей мен Түркияның арасындағы келісімге қол қойылғанда, III Сәлімді таққа қайта отырғызу мақсатымен Байрақтар өз әскерін Стамбұлға қарай аттандырды. Бірақ әскерлер Стамбұлға жақындап қалған кезде Сәлім III адам қолынан қаза тапты. Ал Байрақтар Стамбұлға кірген соң IV Мұстафаны тақтан түсіріп, оның ағасы Махмұд II (1808-1839) таққа отырады. Байрақтардың өзі ұлы уәзір болып тағайындалды. Елде реформа қайтадан басталды. Янычарлардың ашық наразылығына қарамастан, Байрақтар батыл іс-қимылдар жүргізді. Бірақ 1808 жылғы Стамбұлдағы янычарлардың бүлігі кезінде Байрақтар қаза тапты. Оның жақтастары өкіметтен аластатылды. Сұлтан Махмұд II Османның тікелей соңғы ұрпағы болғанымен, елдегі реформаларды шамамен 20 жылға ысырып тастауға мәжбүр болады.

Осман империясының әлсіздігі мен құлдырауын пайдаланып, батысевропалық мемлекеттер оның ұлан-ғайыр аумағын иемденуге ұмтылды. Осман империясының құрамына кіретін аумақтардың үлкен стратегиялық, экономикалық және саяси маңызы болғандықтан, Англия, Франция, Австрия мен Ресей оның иеліктерін жаулап алуға мүдделі болды. Осы державалардың әрқайсысы өзінің бәсекелестеріне саяси немесе экономикалық басымдылығын пайдаланып, Осман империясының аумағын тартып алуға талаптанды. Әрі Англия мен Франция сынды еуропа елдері Осман империясының қарамағындағы халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарына қарсы сұлтан үкіметінің күресін қолдады. 1807 жылы наурызда ағылшындардың 7 мыңдық десанттық әскерлері Александрияға түсіріледі. Бірақ Мұхамед Әлидің табандылығы арқасында ағылшын әскерлері талқандалып, Египеттен қуылады.

Осман империясының саяси тұрақсыздығын Ресей патшалығы да пайдаланып қалуға тырысты. Ресей Балқан түбегіне орнығып, Қара теңіздегі бұғаздарды жаулап алуға ұмтылды. 1806-1812 жылғы орыс-түрік соғысын аяқтаған Бухарест

бітімі бойынша Осман иелігіндегі Бессарабия Ресейдің құрамына қосылады. Сұлтан Сербияға өзін-өзі басқару мүмкіндігін беруге міндеттеме алады.

Осман империясы құрамындағы халықтардың бой көтерулері де елге кері әсерін тигізді. 1821 жылы Грекияда көтеріліс басталды. Морея мен Эге теңізі аралдарына тараған көтеріліс тәуелсіздік үшін жалпы халықтық қозғалысқа ұласты. Гректердің көтерілісін басып тастауға сұлтан II Махмұд Египет патшасы Мұхаммед Әлиден көмек сұрайды. Ол өз кезегінде Сербия мен Крит аралдарын өзіне беруді талап етті. Осылайша 1824 жылы грек көтерілісін басу үшін түріктер Египеттің әскерін қолданды.

Ресей үкіметі мен еуропалық державалар өздерінің сыртқы саясаттағы жоспарын іске асыру үшін грек көтерілісін пайдаланып қалуға тырысты. Ресейдің жеке-дара күрес жүргізуіне Англия жол бермеді. 1826 жылы ағылшын-орыс хаттамасына қол қойылды, бұған Франция қосылды. Бұл державалар сұлтаннан гректерге бағытталған әскери қимылдарды тоқтатуды және оған автономия берілуін талап етті. Грек мәселесінде еуропалық державалардың әрқайсысының өзіндік жоспарлары бар екенін жақсы түсінген II Махмұд ультиматумды қабылдамады. Дегенмен қазан айында Навария қойнауында Еуропа елдерінің флоты египет-түрік флотын талқандайды. Египет патшасының әскері Грекияны тастап, еліне қайтуға мәжбүр болды.

Навариядағы жеңіс Ресейдің одан әрі шапқыншылық жасауына қолайлы жағдай туғызып, 1828 жылдың көктемінде Ресей Осман империясына соғыс жариялады. 1829 жылы қыркүйек айында Андрианополис бітіміне қол қойылып, ол бойынша грузин және армян облыстары Ресейге қосылды. Шарттың ең маңыздысы – Сербия мен Грекияға автономия берілді.

Батыс еуропалық отаршылдардың империяға енуі мен орыс-түрік соғыстарындағы сәтсіздік Осман империясын әрі терең дағдарыспен құлдырауға ұшыратты [1,18]. Ресеймен соғыс аяқталған соң Осман империясы вассалдық Алжирден айырылды.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде Осман империясының ішкі дағдарысы әлі де шиеленіскен жағдайда еді. Әр түрлі провинцияларда бас көтерулер, наразылық шерулері өсе бастады. Әскерде де толқулар болып тұрды. XIX ғ. 20-30 жылдары мемлекеттік және әкімшілік құрылымдар, қаржы, құқық, мәдениет саласына қайта құру жүргізілді. Тимар (сипахи) жүйесінің жойылуы зор маңызға ие болды. Махмұд II енді жаңа әскери реформамен

қатар, мемлекетті басқару ісіне де өзгерістер енгізді. Елдің аумағы аймақтар мен губернияларға бөлінді. Келесі реформа әскери-лендік жүйені (1834) жоюға бағытталды. Тимар жойылысымен іле-шала әкімшілік реформасы жүргізілді. Империяның бәрі аумақтық белгі бойынша уәлейт пен санжаққа бөлінді, олардың билеушілерін орталық үкімет тағайындайтын болды.

Түркияның батысеуропалық державаларға тәуелділігі тек экономикалық және саяси салада ғана көрініс тапқан жоқ. Түрік нарығын тереңірек бағындыруға тырысқан ағылшындар сауда конвенциясына қол қоя отырып, қарсы шыққан египет пашасына Порт үкіметін айдақтап, шиеленісті жандандыруға барынша тырысып бақты.

1839 жылы мамырда сұлтан өз әскеріне Мұхаммед Әлиге қарсы шығуға бұйрық берді. Бірақ нәтижесі түріктер үшін өте ауыр болды. Солтүстік Сирияның Низиба түбегіндегі шайқаста сұлтан әскері ойсыратыла жеңіліс табады. Бірнеше күннен кейін Махмұд II қайтыс болады. Ізінше Египетке қарсы жіберілген түрік флоты Мұхаммед Әли жағына өтіп кетіп, Түркия бір дегенде әскері, флоты және сұлтанынан айырылады. Сұлтан тағына оның ұлы 16 жасар Абдұл Меджид I (1839-1861) отырды. Шетел державалары Мысыр сұлтаны Мұхаммед Әлиді жаңа сұлтанның билігін мойындауға күшпен көндірді және Мысыр әскерін 18 мың адамға дейін қысқартуға, оның әскери флотын империяға беруге мәжбүр етті [2,89]. Осы талаптарды қабылдағаны үшін шетелдік державалар Мұхаммед Әлиді Мысырдың мұрагер билеушісі ретінде таныды.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде жүргізілген реформалар сұлтан үкіметін нығайта алған жоқ. Империяның құлдырау кезеңі одан әрі жалғасты. Елдегі реформаға Мұстафа Рашид жетекшілік етті. Оның мақсаты сұлтан өкіметін нығайтып, Балқандағы ұлт-азаттық қозғалысты тоқтату және түрік өкіметінің еуропалық державаларға тәуелділігіне тежеу қою, мемлекет құрылысын Батыстың мемлекеттік құрылысына жақындату болды.

Реформа туралы жарлық Махмұд II сұлтан кезінде әзірлене бастап, оны жариялау оның баласы сұлтан Абдул Меджид тұсында іске асты. 1839 жылы қарашада сұлтанның Гюльхане жазғы сарайының алдында «Қасиетті жарлық» — «Гюльхане хатт-и шериф» халыққа жарияланды. Бұл Түркия тарихындағы жаңа реформалық кезең.

Дегенмен 1853 жылы басталған орыс-түрік арасындағы Қырым соғысы (1853-1856) ре-

формалық әрекеттердің одан ары жалғасуына кедергі жасады. *Танзиматтың 1-ші кезеңінде (1839-1853)* әкімшілік, мемлекеттік басқару, экономика және мәдениет саласында бірқатар шаралар іске асырылды. Бірақ реформалардың түпкі нәтижесі қала мен ауылдағы халықтың жағдайына елеусіз өзгеріс әкеле алған жоқ [3,128]. Шетелдіктердің мемлекеттің ісіне араласуына шектеу қойылмады. Бұл үлкен наразылық туындатты.

1839-1870 жылдардағы танзимат реформалары елді жаңартуға, оны артта қалудан сақтауға бағытталды. Жаңа өзгерістер жүргізу арқылы шетелдік тәуелсіздіктен құтылу, елді ауыр дағдарыстан алып шығу, ұлттық қозғалыстарды бәсеңдету жолында жасалған қадам болды. Танзимат реформалары мұсылмандардың, соның ішінде түріктердің де көңілінен шыққан жоқ. Реформа жеке меншік жер иелену құқығын беру арқылы кәсіпкерлік пен сауданың дамуына жол ашты, оның пайдасын көбінесе қала тұрғындары көрді. Ал қоғамда реформалық әрекеттерді одан әрі тереңдетуді құптайтын либералдық топ-саудагерлер, кәсіпкерлер мен әскерлер болды. Олар 1865 жылы «жаңа османдар» дейтін жасырын ұйым құрды. Оның жетекшісі белгілі жазушысы Намык Кемал болды. 1876 жылы бұл ұйымның қолдауымен либералдар сұлтан Абдұл Азизді конституция қабылдауға көндіруге тырысады.

1876 жылы мамырда иммиграцияда жүрген «жаңа османдар» іс-әрекеті жанданып, олар конституция енгізу мен реформалар жүргізілуін талап етті. Жаңа османдар дінбасылар және феодалдармен одақтасып, сарай төңкерісін жасады.

1876 жылы 30 мамырда түнде сұлтан Абдұл Азиз тақтан түсіріліп, ол өзін-өзі өлтірді деп жарияланды. Билікке келген Мұрад V сұлтан жан күйзелісі дертіне байланысты тақта отыра алмады. 31 тамызда таққа Абдұл Хамид II сұлтан (1876-1909) келеді. Ұлы уәзір болып Мидхат паша тағайындалып, болашақ конституцияның жобасын жасауға келісім алады.

Жаңа сұлтан мен оның айналасындағылардың келісуіне төтенше жағдайларға да байланысты болды. Балқан түбегіндегі жағдай ушыға түскен болатын. Болғар жерінде көтеріліс бұрқ ете түсіп, Сербия мен Черногория Түркияға қарсы соғыс бастады. Сонымен бірге Ресей және басқа державалармен де қатынас шиеленісе түсті.

Осындай жағдайда Абдул Хамид конституция жобасын қабылдауға келісім береді.

Конституцияның жарияланған күні еуропалық державалардың Балқандағы реформалар жобасына қатысты конференциясы ашылды. Сұлтанның конституция жарияланса, конференция болмай қалады деген үміті ақталмады. Ағылшындардың құпия түрде Осман империясын қолдауынан кейін үкімет батыс державаларының Балқандағы реформалар туралы ұсыныстарын қабылдаудан бас тартты. Бұл орыс-түрік қатынасының шиеленісе түсуіне әкелді. 1877 жылдың басында конференция жабылды. Ресей Осман империясымен соғысқа дайындала бастады.

Батыс державалары Осман империясының ішкі ісіне белсене араласа бастады. XIX ғасырдың соңғы ширегінде империя Болгария, Сербия, Черногория, Румыния сияқты иеліктерінен айырылды. Балқан түбегінің түрік билігінде қалған тұрғындары өзін-өзі билеуге ие болды. Закавказьедегі Ресейдің шекарасы империяға ішкерілеп, түріктер тұрып жатқан жерге дейін жылжыды. Басқа да иеліктерден айырылуға тура келді. Франция Алжир мен Тунисті, Англия Мысырды түріктерден тартып алды. XIX ғасырдың соңына қарай Осман империясының солтүстік африкалық иеліктері еуропалық мемлекеттердің билігіне көшті. Франция Сирия мен Ливанда, Англия Парсы Шығанағы мен Қос өзен аймағында үстемдік етуге ұмтылды. Австрия-Венгрия әскерлері Босния мен Герцеговинаға енді [4].

Абдул Хамид II енді Германиямен тығыз байланыс орнатуға бет бұрды. 1888 жылы билікке II Вильгельмнің келуі Германияны Осман империясымен жақындатты.

XX ғасырдың басында Осман империясының халықаралық жағдайы нашарлап, империя күйреу алдында тұрған кезде жас түріктер өздерінің қызметін жандандыра түсті. 1908 жылы шілдеде батыстық державалардың Македонияны Осман империясынан бөліп алмақ болған саясатынан

кейін, сұлтан өкіметінің әлсіздігіне ызаланған түрік әскерінің бөлімдері көтеріліс жасады. Бұл жас түрік революциясының басталуы еді. 1909 жылы жас түріктер Абдул Хамид II сұлтанды тақтан тайдырды. Жаңа сұлтан болып Мехмед V (1909-1918) сайланды. Үкіметке келген жас түріктер қиындықтарды шешудің жолын таба алмады. Ұлттық қозғалыс жетекшілерімен тіл табыса алмаған жас түріктер, қолындағы билікті пайдаланып, күш қолдану саясатына көшеді. 1908 жылы Австро-Венгрия Босния мен Герцеговинаны аннексиялады. 1911 жылы Ливиядағы түрік иеліктерін Италия басып алды [5]. Түрік үкіметінің сәтсіздіктерін пайдаланған жас түріктердің қарсыластары оларды үкімет билігінен кетірді. Бірақ жаңа үкімет империяны сақтап қалуға дәрменсіз болып шығады. 1912 жылы I Балқан соғысы басталды. Болгария, Сербия, Греция және Черногория елдерінен құрылған коалиция түрік әскеріне соққы берді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында билік басында Энвер, Талаат және Джемаль басқарған жас түріктерден құралған үштік билік үкімет басына келді. Сыртқы саясатта Германияны артқа тұтқан Осман империясы бірінші дүниежүзілік соғысқа үштік одақ жағында араласты. Бұл соғыс Осман империясының құлауына әкелді. 30 қазан 1918 жылы Түркия Антанта державалары алдында тізе бүгіп, жас түріктер билігі аяқталды. Сұлтан империясының сыртқы иеліктерін одақтастар аннексиялады. Сұлтан қарамағына тек қазіргі Түркия территорияларын құрайтын жерлер қалдырылды. Ағылшындар Мосул мен Александретті (Искандерун), итальяндықтар Антальямен көрші округтарды басып алды. 1919 жылы мамырда Греция Измирмен, оған жанасып жатқан жерлерді басып алды. Елде басқыншыларға қарсы наразылық туындап, 1918-1923 жылдары Анадолыда түрік халқының азаттық күресі басталып кетеді.

Әдебиеттер

- 1 Мцхвариашвили А.Д. Положение Османской империи в 60-е гг. XIX в. (по материалам опубликованных записок графа Н.П. Игнатьева). – М.: Историческая и социально-образовательная мысль, 2013. – С. 18.
- 2 Петросян Ю.А. Османская империя: могущество и гибель. Исторические очерки. – М.: Эксмо, 2003. – С. 89.
- 3 Петросян И.Е. Османская империя: реформы и реформаторы (конец XVIII в. – нач. XX в.). – М.: Наука, 1993. – С. 128.
- 4 Алиев Г.З. Турция в период правления младотурок. – М.: Наука, 1972.
- 5 Бердичевский Я.М., Осмоловский С.А. Всемирная история. – Запорожье, 2001.

References

- 1 Mchvariashvili A.D. Polozhenie Osmanskoj imperii v 60-e gg. XIX v. (po materialam opublikovannyh zapisok grafa N.P. Ignat'eva). – M.: Istoricheskaja i social'no-obrazovatel'naja mysl', 2013. – S. 18.
- 2 Petrosjan Ju.A. Osmanskaja imperija: mogushhestvo i gibel'. Istoricheskie ocherki. – M.: Jeksmo, 2003. – С. 89.
- 3 Petrosjan I.E. Osmanskaja imperija: reformy i reformatory (konec XVIII v. – nach. XX v.). – M.: Hauka, 1993. – S. 128.
- 4 Aliev G.Z. Turcija v period pravlenija mladoturok. – M.: Hauka, 1972.
- 5 Berdichevskij Ja.M., Osmolovskij S.A. Vsemirnaja istorija. – Zaporozh'e, 2001.